

"Облыста реформаны тереңдету жөніндегі 1996-1998 жылдарға арналған бағдарламаның өнеркәсіпті дамыту бөлімінің орындалу барысы туралы"

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының (XV сессиясының) 1998 жылғы 30 қаңтардағы N 15/1 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 27 желтоқсанда N 50 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 19 тамыздағы N 37/4 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011.08.19 N 37/4 Шешімімен

1996-1998 жылдары реформаны тереңдету жөніндегі Солтүстік Қазақстан облысының бағдарламасында "Өнеркәсіптік" бөлімі бойынша 1997 жылы өнеркәсіпте өндірістің құлдырауына жол бермей жағдайды тұрақтандыру к о з д е л г е н б о л а т ы н .

Қолданылған шараларға қарамастан облыста өнеркәсіп өнімінің көлемі қолданылып жүрген бағалармен 1997 жылы 230936,9 млн. теңге болып, 1996 жылғы деңгейге қарағанда физикалық көлем индексі 25,6 процентке төмендеді.

Өнеркәсіптік өнімін өндіруге қатысатын кәсіпорындардың жалпы санының үштен екісі дерлік өндірістің өткен жылғы деңгейін төмендетті.

Соның салдарынан жеткізілмеген өнеркәсіп өнімінің құны 6,8 млрд. теңгеден асып кетті, соның ішінде тамақ саласы кәсіпорындары есебінен - 2,6 млрд. теңге, энергетика - 1,9 млрд. теңге, машина жасау саласы - 1,1 млрд. теңге.

Көкшетау және Петропавл қалалары 2,4 және 1,7 млрд. теңгенің, облыстың аудандары - 2,9 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімдерін кем берді.

Электроэнергетикада 1997 ж. 1182 млн. кВт/с электр қуаты өндірілді және 2170 мың Г/кал. жылу босатылды, бұл 27,4 және 20,9 процентке кем 1996 жылғы с ә й к е с к е з е ң д е г і д е н .

Энергоресурстар өндірудің құлдырауы облыс өнеркәсібіне өндіріс көлемінің төмендеуіне б а с ы м ы қ п а л е т е д і .

Машина жасауда 1997 ж. өнім көлемі кәсіпорынның қолданып жүрген бағаларымен 2,6 млрд. теңге болды, яғни 1996 жылдың сәйкес кезеңдегіден 28,9 п р о ц е н т к е т ө м е н д е д і .

Іс жүзінде бүкіл негізгі машина жасау кәсіпорындары, "Тыныс" АҚ-ы мен "ЗИКСТО" АҚ-ысының басқасы, өткен жылы қол жеткізген өндіріс көлемдерін е д ә у і р т ө м е н д е т і п а л д ы .

"АМЗ" және "ПЭҚӨМЗ" акционерлік қоғамдары өндіріс көлемін екі және одан да көп есе қысқартты, "ПАМЖЗ", "Киров атындағы завод", "Наука-Восток" акционерлік қоғамдарында құлдырау деңгейі 14-тен 24 процентке дейін болды.

Тамақ өнеркәсібінде 1997 жылдың қорытындылары бойынша бірде-бір сала физикалық көлем индексін өткен жылдың сәйкес кезеңінің деңгейінде сақтай а л м а д ы .

Нан-тоқаш өндіретін ірі кәсіпорындар: "Нан-тоқаш комбинаты", "Нан" АҚ-ылары өнім өндіруді сәйкес түрде 30 және 40 процентке төмендетіп жылды ө т е н а ш а р а я қ т а д ы .

Тұтас тамақ өнеркәсібінде өндірістің құлдырау көлемі 1996 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29 процентке төмендетілді.

Компания басқарушысы мен "ПАШЗ" БК басшылығының ықпалды қолданбауы салдарынан арақ-шарап бұйымдарын шығару Айдабол спирт заводы 1996 жылғы деңгейден спирт өндіруді 1,1 есе арттырғанмен де 31 процентке т ө м е н д е т і л д і .

Облыстың тау-кен өнеркәсібінің кәсіпорындары 1997 жылы 7468 млн. теңге сомасында товарлы өнім шығарды, физикалық индексі 1996 жылғы сәйкес кезеңге қарағанда 18,6 процентке азайтылды.

Қазба кен пайдаланатын негізгі кәсіпорындардың ішінен "Васильков КБК" АҚ-ы Алексеев доломит руднигінің ғана қаржы-экономикалық жағдайы тұрақты, өсім қарқыны оларда сәйкес түрде 104,2 және 108,9 процент болды.

Қаржы-экономикалық жағдайы тұрақсыз кәсіпорындар тобына РУ-5, сондай-ақ "Ақжар" АҚ-ы, "Көкшетаунеруд" АҚ-ы сияқты құрылыс тастарын өндіріп, өңдейтін кәсіпорындар жатады, оларда өндіріс көлемі 1996 жылғы деңгейдің 40-50 процент болды. "Севказруд" ЖШС және "Көкшетаукоалин" АҚ-ы дағдарысты жағдайда қалып отыр.

Облыстың өнеркәсіп кәсіпорындарында өндіріс көлемдерінің төмендеуі алдымен жандандыру процедурасы ("ПАМЖЗ" АҚ, "ПЭҚӨМЗ" АҚ, "КПСЗ" АҚ), конверсиялық бағдарламаны қаржыландыру ("АМЗ" АҚ), жекешелендіру ("ПЭҚӨЗ" АҚ) мәселелерінің көптеген көпшілі комиссиялардың хаттамалық шешімдерінде ұдайы қаралып, көрсетілсе де үкімет құрылымдарының іс-әрекеттерінде нақты көрініс таппауынан болып отыр.

Сонымен бірге кәсіпорындардың басшылары осы уақытқа дейін перспективалы өнім түрлерін және потенциалды инвесторлар іздестірудің ж ү й е с і н ж а с а ғ а н ж о қ .

Дамудың кейбір перспективалы бағыттары кәсіпорындар басшыларының өздерінің оралымсыздығы мен салақтығынан, атап айтқанда мұнайшылар, энергетиктер және көмір өндірушілер, трактор жасаушылар заказдарын игеруде п а й д а л а н ы л м а й қ а л д ы .

Мемлекет мүлкін басқару және жекешелендіру жөніндегі аумақтық комитеттер өнеркәсіп саласында мемлекет меншігін тиімділікпен пайдалануға және акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін басқаруға тиісті бақылау жасамайды, өмір сүре алмайтын өндірістерде реструктуризация, банкроттық және санация жөніндегі жұмыс өте баяу жүргізіледі.

Өнеркәсіп департаменті (О. Дойч), қазба байлығын пайдалану және тау-кен өнеркәсібі комитеті (Ж. Мырзағұлов) өнеркәсіптің аса маңызды салаларының іс-қимылын үйлестіру жөніндегі жұмысты тиісті дәрежеге ұйымдастыра алмады.

Өнеркәсіп кәсіпорындарының көпшілігі дәстүрлі сыртқы ғана емес, сондай-ақ ішкі рыноктарды да жоғалтып алды, соның салдарынан осындай товарларды облысқа импорттау 5 млн. АҚШ долларынан асып кетті.

Берілген материалдарды талқылай және өнеркәсіп департаментінің бастығы О.В. Дойч пен қазба байлықтарын пайдалану және тау-кен өнеркәсібі департаментінің бастығы Ж. Мырзағұловтың баяндамаларын тыңдай келіп, облыстық мәслихаттың сессиясы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 1996-1998 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының реформаны тереңдету жөніндегі бағдарламасында "Өнеркәсіп" бөлімінде айқындалған мақсат - 1997 жылы өнеркәсіпте жағдайды тұрақтандыру орындалмағаны атап көрсетілсін.

1996-1998 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының реформаны тереңдету жөніндегі Бағдарламасының "Өнеркәсіп" бөлімі бойынша орындалу барысы қанағаттанғысыз деп танылсын.

2. Өнеркәсіп, көлік және коммуникация, сауда және тұрмыстық департаментінің (О. Дойч), қазба байлығын пайдалану және тау-кен өнеркәсібі комитетінің (Ж. Мырзағұлов), Петропавл, Көкшетау қалалары әкімдерінің (П. Ходеев, К. Мұхамеджанов) және аудандар әкімдерінің (Е. Баяхметов, Ә. Мұстафин, В. Колода, Ә. Сағитов және басқалары) 1997 жылы өнеркәсіп өндірісін тұрақтандыру ісінде тиісті шаралар қолданбаған жеткіліксіз жұмысы атап көрсетілсін.

3. Солтүстік Қазақстан облыстық экономика басқармасы (Ә.Бәшеев) "Әлеуметтік-экономикалық талдау институты" АҚ-сының "Өтпелі кезеңде Солтүстік Қазақстан облысының аймақтық даму стратегиясын және оны жүзеге асыру механизмі" тақырыбы бойынша кешенді зерттеу жүргізуді 1996-1998 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының реформаны тереңдету жөніндегі бағдарламасына түзетулерді тездету мақсатымен жеделдететін болсын, онда электроэнергетиканы, тау-кен өнеркәсібін, машина жасауды және металл өңдеуді, сондай-ақ тамақ, ұн үгу-жарма және жемазықтық жарма өнеркәсібінің басым дамытылуы ескерілсін.

4. Өнеркәсіп, көлік және коммуникация, сауда және тұрмыстық қызмет

департаменті (О. Дойч), облыстық қазба байлығын пайдалану және тау-кен өнеркәсібі комитеті (Ж. Мырзағұлов), Петропавл және Көкшетау қалаларының әкімдері (П. Ходеев, К. Мұхамеджанов) және аудандардың әкімдері өнеркәсіп кәсіпорындарымен бірлесе отырып, ҚР Премьер-министрінің 1.12.1997 жылғы тапсырмаларын және 19.01.98 жылғы Үкіметтік жұмыс комиссиясының шараларын ескере отырып 1998 жылы облыс өнеркәсіп кәсіпорындарын дамытудың бағдарламасын бір айлық мерзім ішінде жасап, бекітетін болсын.

Өнеркәсіп, көлік және тау-кен өнеркәсібі комитеті 1998 жылы жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша облыстық мәслихаттың кезекті сессиясына 1998 жылы облыс өнеркәсіп кәсіпорындары дамуының бекітілген бағдарламасының орындалуын тыңдау үшін ақпарат ұсынатын болсын.

5. Ауыл шаруашылығы департаменті (В. Шишацкий), өнеркәсіп департаменті (О. Дойч) аудандардың әкімдерімен, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп кәсіпорындарының басшыларымен бірлесе отырып 1998 жылға арналған облыс кәсіпорындарында агроөнеркәсіп кешені үшін техника, құрал-жабдық және қосалқы бөлшектер жасау жөніндегі келісім науқанын ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін болсын.

6. Солтүстік Қазақстан облысы бойынша мемлекет мүлкі және жекешелендіру аумақтық комитеті (Е.Х. Сұлтанов), Петропавл, Көкшетау қалаларының әкімдері (П. Ходеев, К. Мұхамеджанов) облыстық ведомствоаралық комиссияның ұсыныстарына сәйкес машина жасау кешенінің ірі кәсіпорындарын реструктуризациялау және жағдайы нашар кәсіпорындарды банкроттық процедурасынан өткізу жөніндегі жұмысты жандандыратын болсын.

7. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербняк ҚР Премьер-министрінің 1.12.1997 жылғы тапсырмалары мен 19.01.1998 жылғы Үкімет жұмыс комиссиясының шараларының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында шаралар қолданатын болсын.

8. Солтүстік Қазақстан бөлгіш электржелілік компаниясы (Т.У. Жалмұқанов) және N 2 Петропавл ЖЭО (В.Р. Вильдейс) ҚР Үкіметінің 26.07.96 жылғы N 935 қаулысына сәйкес электрэнергиясы үшін ақыны белгіленген мерзімде жүйелі төлейтін өнеркәсіп және агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары үшін электрэнергиясын үзіп тастау дағдысы тоқтатылсын.

9. Облыстық статистика басқармасы (Ж. Букин) барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер, патент бойынша жұмыс істейтін кәсіпкерлерді қоса, облыста шығарылатын өнеркәсіп өнімдерінің статистикалық есебінің толық қамтылуын қамтамасыз ететін болсын.

10. Қалалық және аудандық мәслихаттар, облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиялары 1996-1998 жылдарға арналған реформаны тереңдету жөніндегі

бағдарламаның "Өнеркәсіп" бөлімі бойынша орындалу барысына тереңірек үңілетін және қажет болған жағдайда сессиялар мен тұрақты комиссиялардың мәжілістерінде басшылардың есептері тыңдалатын болсын.

11. Облыс әкімінің аппараты жергілікті товар өндірушілерді қорғау жөнінде шаралар жасап, жүзеге асыратын болсын.

12. Облыстық мәслихаттың XV сессиясының 19.01.98 жылғы Үкіметтік жұмыс комиссиясының шараларын ескере отырып ҚР Үкіметінің шешімін қабылдауды жеделдету және 1998 жылы Солтүстік Қазақстан облысына қосымша трансферт бөлу туралы хаты әзірленетін болсын.

13. Аталған шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың экономикалық реформа, бюджет, салықтар мен қаржылар мәселелері жөніндегі (Ю.Л. Козловский) және халық шаруашылығы мен экология салаларының қызметі жөніндегі тұрақты комиссияларына жүктелсін.

Облыстық мәслихаттың
XV сессиясының төрағасы

Облыстық мәслихаттың
хатшысы